

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PBLV4231>

***А. Т. Ташекова¹, Л. И. Мингазова²**

¹Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Қазан Федералдық университеті,

Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасы, Қазан қ.

БЕКМҰРАТ УАХАТОВ – ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАР ГЕНЕЗИСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҒАЛЫМ

Мақалада фольклордың зерттелуі, жинақталуы мен жариялану тарихын фольклорлық жүйеде қарап, ондағы жанр, сюжет, мотив, кейіпкер мәселелеріндегі ортақ белгілерді тауып, ғылыми тұрғыдан пайымдау мақаланың мақсаты мен міндеті болып табылады. Бекмұрат Уахатовтың фольклортанудағы үйрену, меңгеру, сіңдіру, қайта жаңғырту үдерістеріндегі даралық қолтаңбасы айқындалды. Фольклортанушы ғалым фольклорлық шығармалар типологиясын әдебиеттану ғылымының тәжірибесі негізінде классификациялап, өзіндік ғылыми тұжырым жасайды. Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері арасындағы генезистік, тақырыптық және сюжеттік ұқсастықтар негізінде қалыптасқанын дәлелдейді. Сондай-ақ фольклор жанрларын әдебиеттану тұрғысынан классификациялауда зерттеу нысанына байланысты айтылған тың ойларға сараптама жасалынады.

Қазақ және туысқан шығыс халқының материалы негізге алына отырып, өзара әрі әлемдік үлгілермен кешенді салыстырылып, фольклорлық шығармалардың түрлері, шығу тегі, образдардың қалыптасу эволюциясы фольклорлық заңдылықтар мен құбылыстар аясында жүйелі тексеріледі. Сонымен қатар салыстырмалы мәтіндік талдау, жүйелеу әдістері, сондай-ақ тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық әдістер қолданылады. Фольклорлық шығармалардың сюжеттік және композициялық құрылымы, кейіпкерлерді суреттеудің тәсілдері, анимистік, тотемдік, магиялық нанымдардың көркем фольклорда өзгеріске түсіп, қолданылу ерекшелігі, тұтастану құбылысының сипаттары мен түрлері т.б. зерттеулер қамтылған.

Кілтті сөздер: Бекмұрат Вахатов, ауыз әдебиеті, тарихи жырлар, жанрлық типология, фольклорлық жанр, генезис, таным, поэтика, тұрмыстық жырлар, фольклорлық теория.

Кіріспе

Әр халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, сөз өнері бар. Сөз өнері тарихында ұлттың көне халық әдебиетін фольклор деп аталатыны баршаға аян. Оның құрамына өте ерте кезде пайда болған мифтер мен хикаялар, аңыздар мен әпсаналар, ертегілер мен хикаяттар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, сондай-ақ кейінгі дәуірлерде туған жырлар мен дастандар, айтыстар мен өлеңдер, мақалдар мен мәтелдер жатады. Осы аталған жанрлардың өзінің табиғаты мен даму өрісі жағынан түр-түрге бөлінеді. Мәселен, халық өлеңдері мен жырлардың батырлық, ғашықтық, тарихи деп аталатын түрлері бар. Олардың әрқайсысы бәріне ортақ белгілерімен бірге өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді. Фольклорлық жанрдың мәртебесін айқындап, оның теориясының негіздеуші ретінде ғалым ойлары мен түйінді пайымдары әдебиеттану ғылымында пайдасы зор екені сөзсіз. Бұл ретте фольклордың теориясы тірек ететін негізгі үш тұғыры бар. Ол – көне дүниетаным, ежелгі мәдениет, мұра көзі екендігі, фольклордың халық тұрмысы болатындығы, соңғысы сөз өнері ретінде ұлт болмысында қызмет жасайтыны.

Материалдар мен әдістер

Фольклорлық мұраларды, оның ішінде тарихи өлең мен тарихи жырды ХХ ғасырда кең түрде жинап жарыққа шығару, ғылыми тұрғыдан зерттеуге мол мүмкіндік туды. 1920-30 жылдардың өзінде ұлттық фольклорымыз мақала түрінде де, оқулық көлемінде де зерттеу нысанасына айналды. Атап айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин сынды ғалымдарымыз бен жазушыларымыз қазақ фольклористикасының теориялық мазмұны мен жиналу мәніне ерекше мән беріп, жанрлық көркемдігіне ерекше ғылыми пайымдаулар жасады. Соның ішінде батырлар жыры мен тарихи жырларды әрі жариялап, әрі зерттеп, оларды халық тарихын бейнелейтін шығармалар деп есептеді.

Ұлттық фольклористиканың даму хронологиясын жүйелі зерттеген ғалым Н. Жүсіповтің «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты үлкен еңбегінде қазақ халық ауыз әдебиеті ғылымының қалай туып, ғылым ретінде қалыптасқанын зерделей отырып, қазақ фольклортану ғылымының ХVIII ғасырдан басталатыны, ХІХ ғасырдың соңында жеке ғылым ретінде қалыптасып орныққаны тұжырымдалған концепция ұсынады. Зерттеу мазмұнында ХVIII ғасырдан арғы дәуірлердегі фольклортануға негіз болған бастаулар туралы да шолу түрінде сөз қозғалған. Демек, бұл ұжымдық

монографияда ежелгі дәуірден бастап ХХ ғасырдағы Қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы қазақ фольклоры жөнінде жазылған, айтылған пікірлер барынша қамтылып, талданды деуге болады» [1, 4-5] – , деген ғалым пікірін ескерсек, қазақ фольклортану ғылымы ХІХ ғасырдың соңында жеке ғылым ретінде қалыптасқанын анықтауға болады. Дегенмен, ХХ ғасыр басындағы фольклор үлгілеріне зерттеу жасаған М. Әуезов 1927 жылы жазған «Әдебиет тарихында» халық әдебиетінің тарихын төрт кезеңге бөледі, әр кезең әдебиетінің шығу себептерін, қоғаммен байланысын, соған қарай әдеби шығармалар қандай мақсат-міндеттерді орындағанын, мән-маңызын ашады [2, 12].

Жалпы басқа өркениетті елдерде «фольклор» кең мағынада түсіндіріліп, қабылданады. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, ырымдар мен ғұрыптарды, салттар мен нанымдарды жатқызады. Бұл ретте көрнекті ғалым, заңғар жазушы М. Әуезовтің шәкірті Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортанудағы еңбектерінің мазмұны мен көлемі мол және ерекше болды.

Ғалым бұрынғы фольклор тек ауызша тараған, ауызша орындалатын халық әдебиеті шығармалары деген тар ауқымдағы ойды теріске шығара отырып, оның қоғамдық идеологияға әсері мен ұлттық болмысының танымдық табиғатын танытуға, ойлау генетикасының көркемдігі туралы теориялық түсініктеме жасайды.

Фольклорист – ғалым әдеби заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, біріншіден, фольклордың қасиеттері мен белгілері, басты қызметтері; екіншіден, фольклор жанрларының туу, пайда болу себептері; үшіншіден, фольклорлық шығармалардың мақсат-міндеттерінің айқын болуы жөнінде пікір білдіреді. Фольклорға барлық ауызша орындалатын үлгілерді кіргізу шарт емес екендігін де ескертіп кетеді. Сонымен қатар қазақтың халық өлеңдерінің ішкі жанрлық типологиялық сипатына терең зерттеу жүргізіп, жыр, қара өлең, дастан, тарихи жырлар құбылысының көркемдігіне талдау жасайды.

Кезінде, яғни 1927 жылы «тарихи жыр» терминінің орнына «тарихи өлең» атауын Мұхтар Әуезов те қолданып, оған Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырларды жатқызған [2]. Кейін, 1939 жылы, М. Әуезов Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде тарихи жырды жеке жанр ретінде бөліп алып, оның негізгі мәнін ашып берді, сондай-ақ бұл жанрдың шығу мерзімін, қалыптасу үрдісін болжаған [2, 17]. «Қазақ эпосында батырлар жыры мен ғашықтық жырларға қоса тарихи жырлар да мол. Бұл жырлар ХҮІІІ және ХІХ ғасырларда, әсіресе, кең өрістеп дамыған» [2, 13], – деп М. Әуезов тарихи жырдың өз алдына жеке жанр екенін айрықша атап көрсетеді. «Бұл тарихи жырлардың, – деп жазады әрі қарай М. Әуезов,

– дәстүрі тереңде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сибирь тайпаларының ру аралық тартысы кезіндегі шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады» [2, 14].

Тарихи жырдың өз алдына дара жанр екенін М. Әуезов баса айтып, ол туралы былай деп жазады: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғалар негізінде туған, басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар екені де сөзсіз. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері болады. Ұлы ғалымның осы ойларына қосыла отырып, тарихи жыр сонымен бірге өз бойына батырлық эпостың біраз қасиеттерін сіңіретінін айтқанымыз жөн болады. Тарихи үлкен жыр оқиғаның ізінше қолма-қол тумады: керісінше, оқиғаға қатысушылар өз көрген-білгендері, батыр мен басшылардың ерлік істері туралы шағын өлең, әңгіме шығарады. Арада біраз уақыт өткен соң не көз көргендердің ішіндегі мықты бір ақыны, немесе басқа бір талантты ақын баяғы шағын өлеңдерді өзінше жиыстырып, бұрынғы мазмұны бойынша сюжет құрап, кейде жанынан қосып, көркемдеп қайта жырлайды. Осылайша, тарихи жыр дүниеге келіп, ел аузына тарайды.

Тарихи өлең жанрын арнайы зерттеген ғалым Бекмұрат Уахатов өзінің 1974 жылы шыққан «Қазақтың халық өлеңдері» деген монографиясының үлкен бір тарауын тарихи өлеңдерге арнаған. Ғалым бұл жанрдың тарихи жырдан айырмашылығын өте дұрыс атап көрсетіп, оның жанрлық анықтамасын белгілейді. «Шынында да, – деп жазады ол, – тарихи өлеңдердің шағын түрлерінің көлемі қысқа, эскиз секілді болып келеді де, ұзын-сонар оқиғаның ішінен тек сол өлеңнің идеясын ашарлық сәттерді ғана даралап көрсетеді» [4,8]. «Тарихи деректерге сай болған оқиғаны сол болған күйінде көрсетіп, нақтылы сурет жасайды» [4,19] деген пікірде болады.

Бекмұрат Уахатов сонымен қатар тарихи өлеңнің жанрлық сипатын айта келіп, автор оны лирикалық өлеңдерден шыққан деген ғылыми пайым жасайды. Бірақ тарихи өлеңнің лирикаға жақын екені рас, онда лиризмнің болатыны да хақ, бірақ бұның бәрі тарихи өлеңді лирикадан шықты деуге болмайды. Себебі тарихи өлең болған оқиғадан соң араға көп уақыт салмай-ақ дүниеге келіп жатады, ендеше, ол жанр ретінде лирикалық өлеңсіз-ақ туады. Бұл жерде мынадай сұрақ туындайды: тарихи өлең эпикалық түрге жата ма, әлде лирикалық түрге жата ма? Міне, осы тұста тарихи өлең мен тарихи жырдың айырмашылығы көзге айқын түседі.

Тарихи жыр өзінің поэтикасы, орындалу мәнері, тіпті мазмұны жағынан да эпикалық түрге жатады. Ал тарихи өлеңде лирикалық сипат болғанымен, бірақ ол лирикалық өлең емес. Сонымен, тарихи жыр мен тарихи өлең

жанрларын зерттеген ғылыми еңбектерге жасаған шолудан шығатын қорытынды мынадай болмақ. Қазақ фольклорының құрамында «тарихи жыр» және «тарихи өлең» деген екі жанр бар екені дау туғызбайды. Алайда оларды зерттеуде мұндай біркелкілік жоқ. Ғылымда олардың ара жігі әлі толық ажыратылып болмаған. Соның салдарынан зерттеушілер тарихи жырға көп көңіл бөліп, тарихи өлеңдерді әлі арнайы зерттеп, кешенді пікір жасалған жоқ. Тарихи жырдың да, тарихи өлеңнің де жанрлық табиғаты әлі толық зерттелмегендіктен, кейбір фольклористеріміз тарихи жырды кейінгі дәуірде туған эпос деп, кейбір зерттеушілеріміз кенже эпос деп қарастырып жүр. Ал, шындығына келсек, қазақ фольклорында «тарихи жыр» да, «тарихи өлең» де өзінше өмір сүре алатын, дербес жанрлар. Бұл қазақ халық әдебиетінің өзіндік дара сипаттарының бірі деп ойлаймыз.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ғалымның бұл тұжырымдарын қолдай отырып, төмендегідей пікір айтқымыз келеді. Ең бастысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы шығармалардан тарихи жырдың қалыптасу үдерісін көреміз. Көтеріліс жүріп жатқан кезде көлемі жағынан шағын, бірақ оқиғаны баяндауы толық, қызықты өлеңдер пайда болған. Ал көтерілістен біраз уақыт кейін бұл шығармалар іріктелді, кейбір маңыздыларының негізінде көлемі үлкен жырлар пайда болған, сол көтеріліске қатысқан талантты ақындар қомақты тарихи жырлар шығарғанын байқаймыз.

Ал фольклортану ғылымын кешенді түрде зерттеген ғалым С. Қасқабасов фольклордың ерекше қасиеттерін сипаттай келе, синкреттілік (көпжактылық, көпсатылық, көпмағыналылық, көпқырлылық) жан-жактылық, мол болуында дей келе, басты белгілері жанрының кең ауқымы, әрі әр жанрдың әр дәуірде белгілі бір қызмет атқарғандығында деп бағалайды. Ғалым фольклордың қызметтерін шығарма нені айту керек, қалай айту керек деген мәселеге байланысты 2 топқа бөледі. Алғашқы топқа: танымдық, эстетикалық, сөйлілдік қызметтерді; екінші топқа: тәрбиелік, утилитарлық қызметтерді жатқызады. Фольклор қызметтерінің бұндай топтарға жіктелуі өнер ретіндегі көркемдігінде, оқиға мен болмысты, сезімді көркем жеткізе білуінде. Шығарманың композициялық құрылысы мен кейіпкерлері, поэтикалық құрылымдарының шебер қиюласуында екендігін ашады. Осындай талаптар негізінде ұлттық сөз өнерін 3 топқа бөледі.

1 Фольклор.

2 Ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы).

3 Жазба әдебиет. Сөз өнерінің үш түріне ортақ және өзгелерден бөлектейтін ерекшеліктері бар. Фольклорды өзге түрлеріне осы үш сипаты арқылы ажырату керек [3,49], – деген тұжырымды ұсынады.

Бекмұрат Уахатов та фольклор сөз өнері болғандықтан да, ол өнердің шарттарына жауап бере алуы керек деген заңға сүйенгенін байқаймыз. Көркемдік шарттары күрделенді, метафора жасалды, қолданабалы қызмет» эстетикалық-көркемдік, этнографиялық қызметке ауысты. Соған қарай ертегі, жыр, дастан сияқты көркем жанрлары туды. Аталған жанрлар эстетикалық, содан кейін тәрбиелік мақсаттарды орындайды. Ғалым фольклордың өнер ретіндегі басты шарты әдістерінің болуы, кейіпкерлерді бейнелеудегі тәсілдер, импровизация, композициялық тұтастық, фольклордағы өзіне ән уақыт пен кеңістік, әлеуметтік утопия, стиль сияқты белгілердің қолданысы көркемдігімен бірге сөз өнері ретіндегі талаптары болатындығын анықтайды. Ғалым пікірлерін жинақтай келгенде фольклорлық қисын негіздемесі келесі модельге құралады.

1 Фольклор қисыны әр дәуірлерде жасалған үлгілер арқылы қоғамның идеологиялық, тұрмыстық, әлеуметтік міндеті мен таным-түсініктерінен, тәрбиелік, эстетикалық қызметтерінен, шығармалардың жасалу себептері мен мақсаттарынан тұрады.

2 Фольклордағы дәстүрдің әдебиеттегі дәстүрден айырмашылығы бар үлгіні өзгертпей қабылдай отырып, кейінгіге жеткізу болса, әдебиет үшін дәстүр – жаңарту мен жаңғырту деген формат.

3 Романтикалық типтендіру – фольклордағы негізгі көркемдік әдіс. Фольклорда кейіпкер дәріптеу мен әсірелеу арқылы мол ашылады.

4 Уақыт пен кеңістік фольклорда өзгеше өрнектеледі. Шарттылық пен мақсатты қиялға негізделеді.

5 Фольклордың генезистік тәсілі – эпикалық стиль, тұрақты формулалар арқылы жүзеге асады. Бұл фольклордағы баяндау тәсілі ретінде өзіндік ерекшелігімен айқындалады.

6 Көне мен жаңа, қиял пен ақиқат, арман мен мақсат бірге жүреді.

7 Көркемдік және композициялық құрылысы интеграциялы, біртекті болады.

Фольклор теориясының маңызды бір кеңістігі – көркемдік әдіс, соған байланысты кейіпкерді суреттеу тәсілі де қызметіне қарай күрделі болады. Осы тұрғыдан келгенде, фольклор романтикалық типтендіру әдісін қолданып, кейіпкерді суреттеуде дәріптеу мен әсірелеу сияқты тәсілдерді пайдаланады. Мұнда уақыт пен кеңістік өзгеше көрінеді. Мәселен, эпикалық уақыт әдеттегіден басқаша, сондай-ақ кеңістік те болмыстағыға сәйкес бола бермейді, бұларда шарттылық, мақсатты қиял үлкен роль атқарады.

Эпикалық стиль мен тұрақты формулалар фольклор шығармасына өзіндік баяндау тәсілін жүктейді. Көнелік сипат пен жаңаның, қиял мен ақиқаттың аралас жүруі фольклорға тән ерекшеліктің бірі екені бүгінгі таңда дәлелденіп отыр. Оларды зерттеуші жақсы ажырата білуі тиіс.

Фольклорлық шығармалардың композициясы біртектес болып келеді де, оқиғалар бір кейіпкердің маңайына шоғырланады, сөйтіп іс-әрекеттер бір бағытта өтіп жатады, ал уақыт кері шегерілмейді. Осы тұрғыда Бекмұрат Уахатовтың фольклордағы баяндау тәсілі туралы пікіріне сүйенсек, ғалым фольклорлық шығарманың баяндалу барысындағы уақыт мазмұнына көңіл бөледі. Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Басқаша айтқанда, жыршы немесе ертекші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі-үш оқиғаны қатар көрсетпейді. Мысалы, әдебиетте кейіпкердің өз басынан кешкен оқиғалар баяндала отырып, автор кейін шегініп, осы кезде оның үйінде не болып жатқанын, оның маңайындағы адамдар қандай харекет істеп жүргенін, олардың тағдырын суреттейтінін есімізге салады.

Ал, фольклорлық шығармада олай емес. Айтушы, жыршы қаһарманның тағдырын баяндау кезінде дәл осы уақытта оның елінде не болып жатқанын суреттемейді. Батыр жоқта елін жау шауып кеткені жайлы ол кейіпкер еліне қайтып келген кезде ғана баяндайды, яғни батырдың жорықта жүрген кезіндегі сәтпен қатар баяндалмайды. Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Бұл жағдайды, әсересе, батырлар мен тарихи жырдан және аңыздан, шежіреден байқауға болады. Демек, фольклорлық шығармадағы қазіргі шақ пен бұрынғы шақтың жігі айтушы мен тыңдаушылар үшін баяндалатын оқиғаның ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншылықты маңызды екенінде.

Ендеше, әрбір фольклорлық шығарма – дәстүрге негізделген, халыққа кең тараған, бірнеше нұсқалары бар, ауызекі айтылатын, авторсыз туынды. Ал, әдебиет туындысы – авторлық мәтін, онда автордың қайталанбас қолтаңбасы, өз стилі бар, оның варианты болмайды. Автордың әр кейіпкері – дара, өзіне ғана хас мінез-құлқы бар, сөйлеу машығы бар екенін айта келіп, фольклорлық генесологиялық мазмұнын анықтаймыз.

Қазақ фольклорында өзінің сюжеттік құрамы мен мазмұны, композициялық құрылымы мен стилі жағынан ерекше фольклорлық шығарманың бірі – ертегілер. Бұл тұрғыда да Бекмұрат Уахатов ертегі жанрының генесологиялық мазмұны мен жанрылық типологиясына терең жүйелі зерттеу жүргізіп, бірталай ертегілердің көркемдік әлемі мен айтылу сипатына талдау жасайды. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар- башқұрт ертегілерінің мазмұнындағы сюжеттік құрылымдар, композициялық шешім, тартыс ерекшелігі сияқты әдеби қисындылық мәніне көңіл аударып, шығыс ертегілерінің қалыптасу, даму траекториясына сараптама жасайды. Әрине, бұған дейін ұлттық фольклортану ғылымымызда олар жеке зерттелмей, «тұрмыс-салт ертегілердің» тобында қарастырылып жүр. Ал, ертегілер өзінің

сипатты белгілері бойынша таза «тұрмыс-салт» ертегі емес. Біріншіден, онда тұрмыс-салт ертегіге тән емес қиял-ғажайыптық элементтер көп, оқиғалар өте таңғажайыпты, шытырман болып келеді; екіншіден, мұнда сюжет өте күрделі, ол бірі-бірінен асқан қым-қиғаш оқиғалар тізбегінен тұрады. Үшіншіден, кейіпкерлер өз мұратына қулықпен емес, ақылмен жетеді, дұшпандарын да ақылмен жеңеді. Әрине, бұл ертегілердің ерекшелігі осымен ғана шектелмейді. Қолдағы материалды саралап, зерттеп қарағанда, бұл топтағы мәтіндер қиял ғажайып пен тұрмыс-салт ертегілердің аралығында тұрған шығармалар екені байқалады.

Ғалым тіпті оларды «новеллалық ертегі» деп атаған жөн сияқты деп есептейді. Өйткені мұнда новеллаға тән хикаялық, яғни шытырман оқиғалық сипат басым. Рас, бұл ертегілер көлемі жағынан новелла сияқты шағын емес, бірақ бұл жерде біз әдеби емес, фольклорлық жанрды атап отырмыз және бұл атауымыз шартты түрде алынып отыр. Қоғамның дамыған кезінде, сауда – саттықтың, қолөнер мен өндірістің өскен шағында қиял-ғажайып ертегі тыңдаушысын баурап әкететін өзінің бұрынғы қасиетінен айырыла бастайды. Енді оның негізінде әрі онымен таласа, күресе отырып, басқа ертегілік жанрлар пайда болып, қалыптаса бастайды. Сөйтіп, бұл дәуірде новеллалық, ал, кейінірек сатиралық ертегілер өмірге келеді. Әрине, бұл бір ғана дәуірде пайда болған жоқ.

Профессор Бекмұрат Уахатовтың пікірінше: «Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салтына байланысты туған ертегілері бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол талай ғасырдың жемісі. Бұл ертегілердің ішінде көне заманда, феодалдық қарым-қатынастар кезінде және соңғы дәуірде туғандары да бар. Олардың бәрі ауызша айтылып, ауызша тарағандықтан көптеген тарихи кезеңдер, талай таптық, қоғамдық орта тудырған әртүрлі көзқарастарды, сан алуан ұғым түсініктерді бойына жинастыра келгендері де белгілі. Бірақ солай бола тұрса да, халықтық ортада туған ертегілер өзінің халықтық сипатын жойған жоқ. Қайта оны әрбір жаңа дәуір, жаңа кезең жағдайларына қарай өзгертіп, шыңдап, жетілдіріп отырғанын, өткірлеп мәнерлегенін де байқаймыз» [4].

Новеллалық ертегілердің құрамында бүкіл Шығысқа тараған сюжеттер де кездеседі. Олар қазақ өмірінің шындығы мен ерекшеліктерін бейнелейді. Сан ғасыр қазақ фольклорының жанрларымен аралас өмір сүрген бұл сюжеттер қазақ ертегілерінің айырылмас бөліктерінің біріне айналып кеткен. Оның үстіне ондағы дәріптелінетін адамдық қасиеттер қазақ халқының мораліне өте жақын екені баршаға аян.

Қазақ топырағына түскен бұл сюжеттер, әрине, өзгеріске ұшыраған. Мысалы, ертегілердегі қала тұрмысының көптеген сырлары мен детальдары жойылып, шығармалар барынша шымыр әрі жинақы баяндалады. Шығыстағы

көптеген новеллалық ертегілер белгілі бір қаламен байланысты болса, мұнда ол міндетті деп саналмайды, қаланың аты аталмауы да мүмкін. Ертекті оқиғаны көбіне қазақ елінде, қазақ қаласында өрбітеді, оны көрнекілей түседі. Мұның өзі қазақ ертегілеріне тән сипатты белгілердің бірі. Жалпы алғанда, қазақ новеллалық ертегілерінде ауысып келген сюжеттер өзінің бояуын жоғалтып, қазақ халқының талғамы мен көзқарасына сай өзгертіліп баяндалады.

Тіпті бүгінгі заман ертегілерінде де ой бесігі тербеліп тұратыны белгілі. Ертегі – бұл ойлау ләззаты, ал ертегі шығара отырып, адамның ойлауға өз қабілетін орнықтырады, сол арқылы өзінің ар-намыс сезімін орнықтырады. Қазақ халық ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1 Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2 Бұрынғылардың сана – саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруші үшін керегі бар нәрсе» - деп айтқан болатын. Қазақ қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қоятынын ерекше білген.

Келесі фольклорлық мұраларымыздың бірегейі – ғашықтық жырлар. Ғашықтық жырлар көркем фольклордың даму барысында батырлық эпостан кештеу қалыптасқан, бірақ бұл қаһармандық жыр мүлде өшіп, оның орнына романдық эпос келді деп қарауымыз керек. Эпостың бұл екі түрі көп уақыт бірге, бір-бірімен байланыса, қатарласа өмір сүрген. Сондықтан олардың ұқсастықтары да аз емес, айырмашылықтары да баршылық. Ғашықтық жыр да, батырлық жыр да эпос жанрына жатады, сондықтан олардың жалпы поэтикалық сипаты ұқсас. Айталық, сюжеттік құрылымдардың бір типті болып келуі, образдар жүйесіндегі біркелкілік, яғни кейіпкерлердің тек біржақты суреттелуі, өлең құрылысы мен бейнелеуіш құралдардың біртектілігі секілді белгілер эпостың екі түрінде де кездеседі. Бұлар эпос жанрының табиғатынан туындаған ұқсастық. Сонымен бірге батырлық жырдың ғашықтық эпосқа тигізген әсері де бар. Мәселен, қызды сүйген жігіттің бейнесінде қаһармандық қасиеттердің болуын, қыздардың бейнесіндегі сұлулық пен адалдық, парасаттылық пен ақылдылық сияқты қасиеттермен бірге ержүректік пен қайрат-күштіліктің көрінуін батырлық жырдың ықпалы деуге болады.

Жүйелі жырдың әдепкі үлгілері Алтын Орда заманында пайда болған тәрізді. Ұлы Дала тарихында: бұл мемлекеттің құрамында қыпшақ тілді түркілер басым болды. Әділін айтқанда, ол империяның тұрғындары осы

күнгі қазақ, 221 ноғай, татар, башқұрт, алтай т.б. этностардың бабалары еді. Сөйтіп, баяғыда Алтайдан тараған түркі тайпалары, ықтиярсыз болса да, бір мемлекетке енген, өзара қарым-қатынасын қайтадан күшейткен. Осы тұста әрқайсысы өзінше айтып жүрген жігіттің үйленуі туралы сюжетке негізделген әңгіме аңыздар, ертегі-өлеңдер енді топтаса бастайды, фольклорлық тұтастану үрдісіне түседі. Соның нәтижесінде сюжет бұрынғыдан да күрделенеді, қосымша оқиғалар, эпизодтар пайда болады, кейіпкерлердің саны көбейеді. Бірте-бірте жүйелі жырдың нұсқасы қалыптаса бастайды.

Жыр сюжетінің өте көне екенінің тағы бір дәлелі – оның бірнеше түркі халықтары фольклорында болуы. Мәселен, айтылмыш жырдың татар халқында 28 мәтіні хатқа түссе, башқұрт елінде – 10 шақты, ал, алтай жұртында 6 мәтін, қырғыз елінде 7 мәтін жазылып алынған. Аталған халықтарда жырдың негізгі сюжеті – жігіттің шаңырақ көтеруі. Бұл көне сюжет әр халықта әр түрде баяндалған. Мысалы, алтайлықтарда сюжет мифологиялық сипат алған. Ол батырлық эпосқа айналған және мұнда кейіпкерлер де, оқиғалар да ертегілік әрі мифтік сарында бейнеленген. Біздің түйіндеуімізше, алтайлықтардың нұсқасы ең алғашқы сюжеттің көне белгілерін молырақ сақтаған сияқты.

Жыр типологиясын жан-жақты зерттеген Бекмұрат Уахатов бір эпос туралы ғана айтып отырса да, жалпы фольклор теориясының бірнеше заңдылығын қамтып кеткен. Оның бірі – фольклорлық үрдістің ерекшелігі. Яғни бірде-бір фольклорлық шығарма кейінгі ұрпаққа сол алғашқы қалпында жетпейді, оның түпкі сюжеті сақталады, бірақ ауыздан-ауызға көшкенде оқиға күңгірт тартады. Қосымша оқиғалар көбейеді, айтушылардың ой-пікірі енеді немесе тыңдаушылардың талабы ескеріледі.

Екінші заңдылық – фольклорда болатын тарихи тұтастану (циклизация). Мұндай тұтастануда әр дәуірдің шындығы, фактісі, оқиғасы, адамдары араласып кетеді. Себебі әр дәуір мен қоғамның талабы бойынша бұрынғы шығарма қайта жаңғырып орындалады да, сол шақтағы көкейкесті делінетін қажеттіліктер шығармаға енеді, сөйтіп, не ескіні ығыстырады, не өзгертеді, не қатар пайдаланады. Ғалым айтып отырған «ноғайлының» ығысып кетуі осыдан. Үшіншісі – географиялық- аймақтық тұтастану. Әдетте, жырдың өзінің кеңістігі болады, оқиға белгілі бір өлкеде өтеді. Сонымен қатар жыршылар өзі жүрген жерлерді, немесе өзінің ру-тайпасы мекендеген аймақты, не болмаса тыңдаушылар мен қатысушылардың өлкесін, аймағын, табиғатын қосып отыруға тырысады. Осылай кейде бір шығарманың бөлек нұсқаларында кейіпкердің іс-әрекеті тұрақты нүктеден басқа да жерде өтіп жатады.

Мәселен, біз білетін «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры – ұлттық фольклорымыздың ең асыл маржандарының бірі, бірақ бұл қалыпқа ол бірден

жетпеген. Оның ең алғашқы түп сюжеті ауызекі әңгіме немесе аңыз, яки ертегі түрінде айтылып, фольклорлық тұтастану үрдісінде V-VI ғасырларда түскен болу керек. Оның поэзиялық шығармаға айнала бастауы XI-XII ғасырларға, яғни қыпшақ дәуіріне тұспа-тұс келеді. Бұл сюжеттің әр жанрлық түрде болса да, тек қыпшақ тілді түркі жұртында сақталуы соны айғақтайды.

Үлкен жыр немесе батырлық ертегі үлгісінде орындалған кезі Алтын Орда заманы деп топшылауға болатын тәрізді, өйткені жырдың барлық ұлттық нұсқалары осы мемлекеттің негізін құраған халықтардан табылғаны белгілі. Ал, көне сюжеттің көлемді эпикалық туындыға айналуы XVI-XVII ғасырларда, Қазақ хандығы тұсында жүзеге асқан да, ол осы күнгі қалпына XVIII-XIX ғасырларда келіп, классикалық эпос болып қалыптасқан.

Классикалық эпос болғанда да оның ең лирикалық түрі ғашықтық жыр үлгісінде дамып, соған тән барлық қасиетті бойына дарытқан. Мұнда нағыз өнерге лайық ширатылған сюжет, қызғылықты мазмұн, сомдалған образдар, шиыршық атқан конфликт, жүйелі композиция, кестеленген өрнекті тіл бар, яғни бұл шығарма болмысты көркем түрде бейнелеген таза сөз өнерінің туындысы болып шыққан.

Қорытынды

Фольклордың тарихилығы деген ұғым өте кең. Біріншіден, фольклордың өзі – тарихи құбылыс, ол өзгермелі. Фольклорлық сана, фольклорлық дәстүр, фольклорлық шығарма – осының бәрі тарихта болатын нәрсе, оларды аттап кету мүмкін емес. Бұлардың бәрі тарихтың белгілі бір кезеңінде болуға тиіс, сол дәуірдің жемісі, адамзат мәдениетінің даму жолындағы бір сатысы деп танылуы керек. Екіншіден, фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сол себепті ол адам өмірінің барлық жағын бейнелейді, шарауашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айтарлықтай мәлімет береді. Үшіншіден, фольклор тарихи оқиғаларға тікелей де, жанама түрде де байланысты болады. Екінші сөзбен айтқанда, фольклор халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, соларды негізге алып, жаңа шығармалар туындатады, тарихи тұлғалар жайында әңгімелейді, оларды көркем әдіспен дәріптейді. Төртіншіден, фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті қайраткерлерге берген халықтың бағасын, сол арқылы халық нені армандағанын, қандай батырды көкसेгенін көрсетеді. Бесіншіден, фольклор әр дәуірге, қоғам өміріне сәйкес өзгеріп, тарихи тұтастанудан өтіп отырады. Соның нәтижесінде жанрлардың трансформациясы жүзеге асып отырады. Жоғарыдағы пікірімізді түйіндей келе, Бекмұрат Уахатов – фольклорлық мұралар генезисін негізін зерттеуші ғалым ретінде танып, оның фольклортану ғылымындағы еңбегін осылайша қайта жаңғырту үдерістеріндегі даралық қолтаңбасы деп танимыз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Жүсіпов Н. Қ.** Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.
- 2 **Әуезов М.** Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 3 **Турсунов Е. Д.** Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата, 1973. – 152 с
- 4 **Уахатов Б.** Қазақтың халық өлеңдері. А., 1974. – 247 б.
- 5 **Баймырадов А.** Түркмен халк кыссаларынын тарыхы-генетики эволюциясы ве поэтикасы: филол. ылым. докт. ... дис. – Ашгабат, 1994. – 55 б.
- 6 **Ғабдуллин М.** Қазақ халық ауыз әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 321 б.
- 7 **Ильина Г. Г.** Несказочная проза в системе жанров чувашского фольклора: дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2006. – 228 с.
- 8 **Костюхин Е.** Сказки // В кн.: История казахской литературы: в 3-х т. – Алма-Ата, 1968. Т. 1. – С. 184-235.
- 9 Қазақ фольклористикасының тарихы: (Революцияға дейінгі кезең) / жауапты ред. Р. Бердібаев. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.
- 10 **Қасқабасов С. А.** Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

References

- 1 **Zhüsipov N. Zhüsipov N.Q.** Qazaq folklortanu ғыlymy: XX ғасырдың бірінші жартысы. [Kazakh folklore science: the first half of the 20th century.] Monografiya. – Pavlodar. 2007.-381 b.
- 2 **Äuezov M.** Ädebiet tarihy [Literary history] – Almaty: Ana tılı, 1991. – 240 b.
- 3 **Tursunov E. D.** Genesis kazaxskoi bytovoi skazki. [Genesis of the Kazakh everyday fairy tale]. Alma-Ata, 1973. – 152 s.
- 4 **Uaxatov B.** Qazaqtyñ halyq öleñderi. [Kazakh folk poems] A., 1974. 247 b.
- 5 **Baimyradov A.** Türkmen xalk kyssalarynyñ taryxy-genetiki e`volyucziyası ve poe`tikasy: filol.ylym.dokt. ... dis. – Ashgabat, 1994. – 55b.
- 6 **Ğabdullin M.** Qazaq xalyq auyz ädebieti: oqu qūraly. [Kazakh folk oral literature: educational tool]. – Almaty: Mektep, 1974. – 321 b.
- 7 **И'ina G.G.** Neskazochnaya proza v sisteme zhanrov chuvashskogo fol`lora [Fairy tale prose in the system of genres of Chuvash folklore]: dis. ... kand.filol. nauk. – Cheboksary, 2006. – 228 s.
- 8 **Kostyuxin E.** Skazki [Fairy tales] // V kn.: Istoriya kazaxskoi literatury: v 3-x t. – Alma-Ata, 1968. T. 1. – S. 184-235.

9 Qazaq folkloristikasynyn tarixy: (Revolyciyaga deiingi kezen) [History of Kazakh folklore: (Pre-revolutionary period)] / zhaupty red. R. Berdibaev. – Almaty: Gylym, 1988. – 432 p.

10 **Qasqabasov S. A.** Zhanazyq. Ar zhylygy zertteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

**А. Т. Ташекова¹, Л. И. Мингазова²*

¹Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Казанский Федеральный университет,

Российская Фкдкрация, Республика Татарстан, г. Казань.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

БЕКМУРАТ УАХАТОВ - ОСНОВОПОЛОЖНИК ГЕНЕЗИСА ФОЛЬКЛОРНОГО НАСЛЕДИЯ

В статье рассматривается история изучения, обобщения и публикации фольклора в фольклорной системе, находя в ней общие признаки жанра, сюжета, мотива, характера, научного мышления, что является целью и задачей статьи. Определена междисциплинарная подпись Бекмурата Уахатова в процессе изучения, освоения, пропитания, возрождения фольклора. Ученый-фольклорист классифицирует типологию фольклорных произведений на основе опыта литературоведения и делает собственные научные выводы. Доказывает, что генезис фольклорного наследия сложился на основе генезисных, тематических и сюжетных сходств между его историческими, жанровыми признаками. Также проведена экспертиза новых идей, высказанных в связи с формой исследования по классификации фольклорных жанров с точки зрения литературоведения.

Виды, происхождение, образы фольклорных произведений, комплексное сопоставление между собой и мировыми образцами представлены исходя из материала казахского и родственных восточных народов.

Ключевые слова: Бекмурат Уахатов, устная литература, исторические поэмы, жанровая типология, фольклорный жанр, генетика, познание, поэтика, бытовые песни, фольклорная теория.

**A. T. Tashekova*¹, *L. I. Mingazova*²

¹Toraighyrov University, Republic Of Kazakhstan, Pavlodar;

²Kazan Federal University,

Russian Federation, Republic of Tatarstan, Kazan.

Material received on 08.09.22.

BEKMURAT UAKHATOV – THE FOUNDER OF THE GENESIS OF FOLKLORE HERITAGE

The authors consider the history of the studies, generalization and publication of the folklore in the folklore system, finding general features of the genre, plot, motif, scientific mind that is the aim of the article. The folklore of Bekmurat Uakhatov is a combination of the following: studying, mastering, and renaissance of the folklore. The scientist-folklorist classified the folklore on the basis of literature and made some conclusions. He proves that the genesis of the folklore heritage was formed on the basis of genesis, thematic and plot similarities between its historical, genre features. Also, an examination of new ideas expressed in connection with the form of research on the classification of folklore genres from the point of view of literary criticism was carried out.

Types, origins, images of folklore works, a complex comparison between themselves and world samples are presented based on the material of the Kazakh and related eastern peoples.

Keywords: Bekmurat Uakhatov, oral literature, historical poems, genre typology, folklore genre, genetics, cognition, poetics, everyday songs, folklore theory.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz